

Білім беру ұйымдарында «Өз жеріңді танып, біл!» атты акциясын өткізу туралы әдістемелік нұсқаулық

Негіздеме:

Н.Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының «Елдің өңірлері бойынша «Өз жеріңді танып, біл!» атты жаппай мектеп туризмін жандандыру бойынша шараларды қабылдау» туралы 98-ші тармағын орындау, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын және Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру.

Білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие жұмысы жүйесіндегі туристік-өлкетану қызметі қоршаған ортаның жаһандық және аймақтық ерекшеліктерін зерделеумен байланысты туған өлкені зерттеуді көздейді, оқу-тәрбие жұмысында өлкетану материалдарын пайдалануға жағдай жасайды, білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын қолдануды қамтамасыз етеді.

БҚО білім басқармасы облыстың барлық білім беру ұйымдарында (жалпы білім беретін мектептердің мектепке дейінгі мекемелерінде, кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарында) «Өз жеріңді танып, біл!» атты акциясын өткізуді ұсынады.

Мақсаты:

салауатты өмір салтын насихаттау, туристік-өлкетану қызметі құралдары арқылы мектеп оқушыларының білім сапасын көтеру, туған өлкесін іс жүзінде танып-білуге үйрету.

Міндеті:

1. Балалардың, жасөспірімдердің, жастардың денсаулығын нығайту, дене шынықтыру дайындығының деңгейін арттыру;
2. Қоршаған ортадағы арқылы оқыту мен тәрбиелеудің нәтижелілігін арттыру;
3. Оқушылардың тұлға ретінде үйлесімді дамуы және жастарды еңбекке, Отан қорғауға дайындау;
4. Табиғатқа зиян келтірмей коллекцияларды, құнды табиғи материалдарды ұтымды жинауға үйрету;
5. Жорықтар мен экскурсиялар кезіндегі жиналған материалдармен өлкетану музейлерін және бұрыштарды толықтыру, білім мен дағдыларын дамыту.

Түрлері:

1. Жорықтар;
2. Саяхаттар;
3. Экспедициялар;
4. Серуендер (мектепке дейінгі мекемелерде).

Терминология:

Туристік жорық – бұл білім алушылар тобының тану, тәрбиелеу, сауықтыру, дене және спорттық дамыту, жолда қоғамдық пайдалы, өлкетану жұмыстарын орындау, танымдық-зерттеу, рекреациялық, спорттық мақсаттар, белгілі бір спорттық-туристік нормативтер, әскери-қолданбалы дағдыларды пысықтау, мазмұнды демалыс мақсаттарымен белсенді жүріп-түру әдістерімен белгілі бір маршрутты ұйымдасқан түрде өтуі.

Туристік экспедиция - туристік топтың аумақты, бір немесе бірнеше нысанды зерделеу мақсатында табиғи ортада маршруттан өтуі, белсенді және аралас қозғалыс құралдарын пайдалана отырып, ұзақтығы 2 күн және одан да көп қоғамдық-пайдалы, іздестіру, ғылыми-зерттеу және өзге де қызметті орындауы.

Туристік экскурсия – бұл ұйымдастырылған ұжымдық, топтық, жеке сапар, экскурсовод басшылығымен білім беру, ғылыми, спорттық немесе рекреациялық мақсаттарда (музейлер, көрнекті орындар, көрмелер, кәсіпорындар, мәдениет, тарих, табиғат ескерткіштері және т. б.) серуендеу немесе нысандарға бару.

Туристік серуен – балабақшада балалардың өмір сүруінің өте маңызды режимі. Серуен мақсаты-денсаулықты нығайту, шаршаудың алдын алу, балалардың дене және ақыл-ой дамуы, ағзаның функционалдық ресурстарын қалпына келтіру. Серуендеу міндеттері: табиғи жағдайда ағзаға шынықтыру әсерін тигізу; мектепке дейінгі жастағы балалардың дене дайындығының деңгейін арттыруға ықпал ету; балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін оңтайландыру; балалардың танымдық-сөйлеу, көркем-эстетикалық, әлеуметтік-тұлғалық дамуына ықпал ету. Серуендеу түрлері (өткізу орны бойынша): мекеме учаскесінде; балабақша учаскесінен тыс жаяу серуендеу (мектепке дейінгі ересек жастағы екі километрге дейінгі қашықтыққа).

Экскурсиялық қызмет - туристерді орналастыру (түнеу) бойынша қызметтерді қарастырмайтын және жиырма төрт сағаттан аспайтын мерзімді қамтитын, елде немесе уақытша тұрақтайтын жерде тану мақсатында туристік ресурстарды аралауды ұйымдастыру бойынша қызмет.

Акцияны өткізу әдісі:

1. Дайындық

- Сәтті, қызықты және апатсыз саяхатты ұйымдастыру мақсатында жорық пен экскурсияда өткізілетін іс-шараларды алдын ала ойластыру және жоспарлау;
- Маршрутты, топ құрамын, өткізу уақытын анықтау;
- Жеке және топтық құрал – жабдықтарды жинақтау;
- Қатысушылар арасында міндеттерін бөлу;

- Саяхат басшысы мен басшының орынбасарын тағайындау.
- Маршруттық-біліктілік комиссиясына және төтенше жағдайлар органдарына (қатысушылар тізімін қоса бере отырып) I категориялы қиындықтағы жорықтар үшін болжамды бағыт туралы мәліметтерді беру.
- Елді мекенде түнейтін көп күндік, алыс экскурсиялар өткізу үшін топты қабылдайтын мекеменің, ұйымның жазбаша келісімін немесе экскурсиялық ұйымның жолдамасын алу.

2. Өткізу

- Әзірленген жоспарлар мен бағыттарға сәйкес білім беру ұйымдарының оқушылары жорыққа/экскурсияға/экспедицияға шығады.
- Іс-шаралар қауіпсіздік техникасы мен санитарлық нормаларды сақтай отырып өткізіледі.
- Алдағы практикалық жұмыста жорықтарды/ экскурсияларды/ экспедицияларды ұйымдастыру мен өткізуді түзету және ұсыныстар әзірлеу мақсатында жүргізілген жұмыстар туралы күнделікті фото және бейне есептер, конспектілер жүргізіледі.

3. Есеп:

Акция аяқталғаннан кейін білім беру ұйымы жазбаша және электронды түрде келесі мәліметтерді қамтитын есеп береді:

- мектепке дейінгі /бастауыш/орта/ жоғары буын оқушыларының саны;
- Жорықтар /экскурсиялар,/экспедициялар басшыларының аты-жөні;
- Өткен маршруттардың атаулары мен схемалары;

Есепке: анықтамалық мәліметтер, жолдың техникалық сипаттамасы, картографиялық материал, өлкетану материалы, бейне-ролик түріндегі бейне-есеп (кемінде 1,5 минут), буклет түріндегі ақпараттық бюллетень кемінде 10 бет, кіреді.

Есеп облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі және экология орталығына жіберіледі (evrasia_centre@mail.ru).

